

**Педагогикалық кеңес отырысының № 10 хаттамасынан үзінді**  
**«Хиуаз Доспанова атындағы №14 орта мектеп» КММ**

білім беру ұйымының атауы

2024 ж. "13" маусым

**Төрағасы** – Шуйтенов Сабит Жексенбаевич

**Хатшы** – Туйякова Гулмира Балгабаевна

**Қатысқандар:** 91 адам.

**Күн тәртібінде:** «Хиуаз Доспанова атындағы №14 орта мектеп» КММ қызметінің өзін-өзі бағалау жұмыстарының қорытындысы туралы

**Тыңдалды:** А. А. Дуржанова – ккомиссия мүшесі.

«Ақтөбе облысының білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті» ММ 20.02.2024 ж. №89 н/қ бұйрығы, «Ақтөбе облысының білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті» ММ 28.02.2024 ж. № 18-2-4/06/450 хаты негізінде 2024 жылдың қыркүйек айында «Хиуаз Доспанова атындағы №14 орта мектеп» КММ-де мемлекеттік аттестаттау жүргізіледі.

«Хиуаз Доспанова атындағы №14 орта мектеп» КММ 2024 жылғы 01 наурызындағы № 4 педагогикалық кеңесінің шешіміне сәйкес мектептің қызметін өзін-өзі бағалау жұмыстары 2024 жылдың 1 наурызы мен 1 маусымы аралығында бағалау критерийлеріне сәйкес жүргізілді.

Өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және жүргізу Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығы, «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім сапасын қамтамасыз ету комитеті» РММ «Білім беру ұйымдарын өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығы, негізінде жүзеге асырылды.

Мектептің өзін-өзі бағалауы Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген білім берудің тиісті деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (бұдан әрі – МЖМБС) жалпы талаптарына сәйкестігіне ұсынылатын білім беру қызметтерін талдау жолымен жүзеге асырылды.

Өзін өзі бағалауды тиімді жүргізу мақсатында «Хиуаз Доспанова атындағы №14 орта мектеп» КММ-сі бойынша 2024 жылының №1 наурызындағы № 87 бұйрығымен келесі құрамда комиссия құрылып, жұмыстанды:

1. Шуйтенов С.Ж. – директор, комиссия төрағасы
2. Абитаева Р.Р. – директордың ОТЖЖ орынбасары
3. Дуржанова А.А. – директордың ОТЖЖ орынбасары
4. Абдикалыкова Э.Б. – директордың ОТЖЖ орынбасары
5. Сейдуллина С.Ж. – директордың ОТЖЖ орынбасары
6. Шауменова К.К. – директордың ТЖЖ орынбасары
7. Байменова А.Т. – директордың ТЖЖ орынбасары
8. Умарова А.С. – директордың ТЖЖ орынбасары
9. Кузенбаева А.Б. – директордың ШЖЖ орынбасары

Комиссия төрағасы Шуйтенов С.Ж. комиссия мүшелері арасында 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрықта бекітілген өлшемшарттарға сәйкес нақты тапсырма берді. Комиссия «Хиуаз Доспанова атындағы №14 орта мектеп» КММ-нің қызметін бағалау критерийлеріне сәйкес 2024 жылдың 1 наурызы мен 1 маусымы аралығында өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізіп, қорытынды талдамалық анықтама жасады.

Комиссия мүшелері «Білім беру ұйымдарын өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығының 6 қосымшасына «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалау құрылымына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына сәйкес жұмыстанды. Құрылымына келесі өзін-өзі бағалау бөлімдері кіреді:

- Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы.
- Кадрлық құрамға талдау.
- Білім алушылардың контингенті.
- Оқу-әдістемелік жұмыс.
- Оқу – материалдық активтер.
- Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор.
- Білім алушылардың білімін бағалау.
- Білім беру процесіне қатысушылардың және басқа респонденттердің сауалнамасы.

Өзін-өзі бағалау жұмыс нәтижелерін комиссия мүшелері мәліметтер және бұйрықтардың қосымшаларында көрсетілген кестелерге сәйкес рәсімдеп және бағалау өлшемшарттарына өлшеуіштер бойынша қорытынды бағаны есептің ажырамас бөлігі болып табылатын бағалау өлшемшарттарына 4-қосымшаға сәйкес бағалау парағы түрінде рәсімдеп педагогикалық ұжымның назарына ұсынды.

Оқыту нәтижелеріне бағалау мақсатында 4, 9 – сыныптардың білім алушылары арасында білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған тестілеу 2024 жылдың 17 сәуірінде әзірлеген компьютерлік форматтағы кешенді тестілеу технологиясы бойынша ДОКСО маманы қатысуымен өткізілді. Білім алушылардың дайындық деңгейі бағалау нәтижелері "қанағаттанарлық" деген бағадан төмен емес дұрыс жауап берді, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта білім беру стандартының талаптарына сәйкес келеді деп есептелді.

Білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған нысан бойынша «Хиуаз Доспанова атындағы №14 орта мектеп» КММ – де көрсетілетін білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін айқындау үшін ДОКСО қызметкері онлайн форматта сауалнама жүргізді. Сауалнамаға 4, 9 сынып ата -аналары (занды өкілдері), оқушылары, мектеп педагогтары және мектепалды жастағы тәрбиеленушілердің ата-аналары телеграмм канал арқылы 90 % -дан кем емес қатысып жауап берді. Нәтижесінде «Хиуаз Доспанова атындағы №14 орта мектеп» КММ – де көрсетілетін білім беру қызметтеріне респонденттер қанағат. Мектептің қызметінің деңгейі бағалау критерийлері балдарының жалпы сомасы бойынша айқындалды. Өзін-өзі бағалау құжаттары мектептің ресми сайтына жүктеледі.

### **Қаулы:**

1. «Хиуаз Доспанова атындағы №14 орта мектеп» КММ-н өзін-өзі бағалау комиссия мүшелерімен 2024 жылдың 1 наурызы мен 1 маусымы аралығында өткізілген өзін-өзі бағалау жұмыстары Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486, «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім сапасын қамтамасыз ету комитеті» РММ «Білім беру ұйымдарын өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» 2022

жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрықтарына сәйкес рәсімделген өзін-өзі бағалау туралы қорытынды анықтамасы қабылданып, қорытынды бағасы «қанағаттанарлық» деп танылсын.

2. Сараптамалық комиссия жүргізілген өзін-өзі бағалау жұмыстарының нәтижесі бойынша «Хиуаз Доспанова атындағы №14 орта мектеп» КММ-сі мемлекеттік аттестацияға ұсынылсын.

3. Хиуаз Доспанова атындағы №14 орта мектеп» КММ-нің өзін-өзі бағалау жұмыстары бойынша құжаттар 2024 жылдың 1 тамызына дейін мектептің ресми сайтына орналастырылсын.

**Педагогикалық кеңес отырысының төрағасы**  
**Педагогикалық кеңес хатшысы**



**“Хиуаз Доспанова атындағы №14 орта мектеп” КММ -сі бойынша**

**Бұйрық № 197**

**Ақтөбе қаласы**

**21.06.2024ж.**

**Педагогикалық қызметкерлерді  
аттестаттау туралы.**

Қазақстан Республикасы 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек Кодексі 139 – бабының 7 – тармағын “Білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары», Қазақстан Республикасының “Білім туралы” Заңына, «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83, «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» 2024 жылғы 2 сәуірдегі №72 бұйрықтарын басшылыққа ала отырып

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Хиуаз Доспанова атындағы №14 орта мектеп» КММ-нің эксперттік, аттестаттау комиссияларының шешіміне сәйкес «Хиуаз Доспанова атындағы №14 орта мектеп» КММ-нің төмендегі педагогына «Педагог- модератор» біліктілік санаты бекітілсін.

1. Щербань Галина Владимировна – математика пәні мұғалімі.

2. Мұғалімнің еңбек ақысын санатына сәйкес төлеу 2024 жылдың 1 қыркүйегінен бастап «Хиуаз Доспанова атындағы №14 орта мектеп» КММ-нің бас есепшісі Е.В. Скачкоға міндеттелсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау өзіме қалдырамын.

**“Хиуаз Доспанова атындағы  
№14 орта мектеп” КММ -нің директоры**



**Шуйтенов С.Ж.**